

## Қызылорда қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 2787 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда қаласы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Кейбір мемлекеттік органдардың мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 1592 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4605 нөмірімен тіркелген, "Ақмешіт апталығы" газетінде 2014 жылғы 06 наурыздағы №9, "Қызылорда Таймс" газетінде 2014 жылғы 06 наурыздағы № 10 жарияланған);

2) "Қызылорда қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 01 шілдедегі № 2048 қаулысы ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4734 нөмірімен тіркелген, "Ақмешіт апталығы" газетінде 2014 жылғы 06 тамыздағы №43, "Қызылорда Таймс" газетінде 2014 жылғы 06 наурыздағы №32 жарияланған).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚАЛА ӘКІМІ

*Н. НӘЛБАЕВ*